

Мемлекеттік меншіктің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 18 шілдедегі № 946 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасымен (келісім бойынша) бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Алматы қаласы, Махатма Ганди көшесі, 10-үй мекен жайында орналасқан «Стратегиялық зерттеулер институты, кеңсе мен қор» ғимаратын Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Елбасының Қорын толықтыру есебіне беруді қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

2) осы қаулының 1-тармағының 1) тармақшасынан туындайтын шараларды қ а б ы л д а с ы н .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

	<i>Қ а з а қ с т а н</i>	<i>Р е с п у б л и к а с ы н ы ң</i>
<i>Премьер-Министрі</i>	<i>К. Мәсімов</i>	